

**Шетелде қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын арнайы есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 11 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 19 қаңтарда № 31720 болып тіркелді

"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 9-бабының 22) тармақшасына, "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 3-тармағының 6-2) тармақшасына, 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Шетелде қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын арнайы есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Қылмыстық жауаптылыққа тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары туралы деректер банкін және оны жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 12 тамыздағы № 81 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9724 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 82 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20920 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 4-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты құқықтық статистика және арнайы есепке алудың мүдделі субъектілеріне мәлімет үшін, сондай-ақ Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокуроры

Б. Асыллов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сот әкімшілігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокуроры  
2023 жылғы 9 қаңтардағы  
№ 11 бұйрығымен  
бекітілген

**Шетелде қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын арнайы есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Шетелде қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын арнайы есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) шетелде қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын арнайы есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау (бұдан әрі – есепке алу) тәртібін анықтайды.

2. Есепке алудың мақсаты Шет мемлекеттердің аумағында қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты анық ақпараттардан тұрады.

3. Есепке алуды Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) ақпараттар жүйесінде (бұдан әрі – АЖ) "Қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және шет елде жазасын өтеп жүрген адамға карточка" атты электрондық

ақпараттық есепке алу құжатын (бұдан әрі – карточка) толтыру жолымен, осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

4. Шет мемлекет сотының қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы айыптау актісі не заңды күшіне енген айыптау үкімі (қаулысы) есепке қою үшін негіздеме болады.

5. Егер Қазақстан Республикасы ратифицирлаған халықаралық шартта іс-қимыл қағидалары белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

## **2-тарау. Есепке алуды жүргізу тәртібі**

6. Есепке алуды жүргізу Комитетке Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментінен (бұдан әрі – ҚР СІМ КҚД), Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінен (бұдан әрі – шетелдердегі мекеме), Қазақстан Республикасының сот әкімшілігінен (бұдан әрі – Сот Әкімшілігі), Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен (бұдан әрі – ҚР ӘМ) және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінен (бұдан әрі – ҚР ІІМ) келіп түскен мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) шет мемлекет сотының қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы айыптау актісінің не заңды күшіне енген айыптау үкімінің (қаулысының) көшірмелері;

2) "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері.

Заңның 6-бабының 1-тармағында санамаланған адамдарда жеке басын куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда, қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын шетелде өтеп жүрген адамдарда есепке алу үшін (көші-қон полициясы органдары Қазақстан Республикасының азаматтығын растаған жағдайда) 1974 жылғы үлгідегі паспорт (бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы) және "Жеке басты куәландыратын құжаттарды (босқын куәлігінен басқа) дайындау үшін формулярдың нысанын және оны ресімдеу, толтыру, есепке алу, сақтау, тапсыру, жұмсау, жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 583 бұйрығымен бекітілген, жеке басын куәландыратын құжаттарды (босқын куәлігінен басқа) дайындау үшін формуляр нысанындағы мәліметтер (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13911 болып тіркелген) пайдаланылуы мүмкін;

3) өздеріне қатысты мәліметтер бұрын Комитетке жіберілген адамдардың үкімін (қаулысының) өзгерту, босату не шартты түрде мерзімінен бұрын босату не қайтыс болуы туралы түзету құжаттары.

7. Карточкаға осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген куәландырылатын құжаттардан мәліметтер графикалық көшірмелерін қоса сала отырып, Комитетке келіп түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде енгізіледі.

8. Қазақстан Республикасының қылмыстық жауаптылыққа тартылған азаматтары туралы деректер оны бекіту күні көрсетіле отырып, қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы айыптау актісінің көшірмесі негізінде толтырылады, сотталған және шетелде жазасын өтеп жүрген азаматтар туралы деректер айыптау үкімінің (қаулысының) заңды күшіне ену күні көрсетіле отырып, соттың айыптау үкіміне (қаулысына) сәйкес толтырылады.

Шет мемлекеттің аумағында Қазақстан Республикасының азаматын қылмыстық жауаптылыққа тарту не соттау фактісін растайтын құжаттар болмаған фактісі анықталған және осы Қағидалардың 6-тармағының 3) тармақшасында жазылған құжаттар негізінде сотталған адамға қатысты мәліметтер енгізілген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде соттың айыптау үкімінің (қаулысының) көшірмелерін ҚР СІМ КҚД немесе тікелей тиісті шетелдердегі мекемеден талап ету қажет.

9. Сауалнама деректері осы Қағидалардың 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі негізінде енгізіледі.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болмаған жағдайда, азамат туралы қажетті мәліметтер құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесі арқылы қалыптастырылған құжаттар негізінде енгізіледі.

10. Шетелде қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын өтеп жүрген адамның елі мен ұлтын белгілеуге арналған цифрлық кодтар осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес "Әлем мемлекеттерінің сөздігіне" және осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес "Ұлттар сөздігіне" сәйкес келуге тиіс.

11. "Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және тартылатын адамдарды арнайы есепке алуды және ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдарды дактилоскопиялық есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – № 29 Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) нысан бойынша дактилоскопиялық карталар, заңды күшіне енген соттың айыптау үкімдерінің (қаулысының) көшірмелерімен автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттар жүйесіне енгізіледі.

12. Арнайы есепке алуды түзетуді Комитет жеке тұлғаның есепке алуға, оған қолда бар мәліметтерге қатысты түзету енгізу туралы жазбаша өтініші (бұдан әрі – өтініш) негізінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып (өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және құжаттардың түпнұсқалары немесе сот тағайындаған жазаны өтеу немесе соттылығын алып тастау фактісін растайтын нотариалды куәландырылған, заңдастырылған, апостиль қойылған көшірмелер) жүргізеді.

Өтініште көрсетілген сауалнамалық деректер өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметтерімен сәйкес келуі керек. Тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда), туған күнін, жылын өзгерткен тұлғалар қазіргі және бұрынғы сауалнамалық деректерін көрсетеді.

Құжаттардың түпнұсқасын қайтару қажет болған жағдайда, өтініш беруші бұл туралы өтініште көрсетеді.

### **1-параграф. ҚР СІМ КҚД растайтын құжаттарды Комитетке есепке алу үшін ұсыну**

13. Шетелдегі мекемелер Қазақстан Республикасының азаматын қылмыстық жауаптылыққа тарту және/немесе соттау фактісін растайтын құжаттарды келген елдің құзыретті органдарынан құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ҚР СІМ КҚД-ға қайта жібереді.

Қазақстан Республикасының азаматтарын қылмыстық жауаптылыққа тарту фактісі анықталған кезде, "Қазақстан Республикасының 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясына қосылуы туралы" 1993 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысының 36-бабына сәйкес шетелдегі мекемелер келген елдегі құзыретті органдардан осы Қағиданың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды талап етеді.

Курьерлік жеткізу кезеңі растайтын құжаттарды қайта жіберу мерзімдерін есептеу кезінде ескерілмейді.

14. ҚР СІМ КҚД шетелдердегі мекемелерден келіп түскен құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жібереді.

15. Қазақстан Республикасының азаматының жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, шетелдердегі мекемелер есепке алуды жүргізу үшін қажетті барлық құжатты ұсынбаған жағдайда, Комитет құжаттардың жоқтығы фактісі анықталған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қосымша мәліметтерді тиісті шетелдердегі мекемеден ҚР СІМ КҚД арқылы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 11-1-4/252 және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 6 қазандағы № 460 бірлескен бұйрығы "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мекемелері арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарды талап ету ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21405 болып тіркелген) талап етеді.

16. Қазақстан Республикасының азаматының жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, болу елінің тиісті есепке алуды жүргізу үшін қажетті барлық құжатты ұсынбаған жағдайда, құжаттардың жоқтығы фактісі анықталған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шетелдегі мекемелер қосымша мәліметтерді болу елінің тиісті құзыретті органынан талап етеді.

17. ҚР СІМ КҚД шетелдік мекемелердің растайтын құжаттарды мерзімінде ұсынуын бақылауды жүзеге асырады.

18. Шетелдегі мекемелер жылына бір рет тиісті консулдық округ аумағында қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарының тізімін ҚР СІМ КҚД-ға жібереді.

Есепке алудың толықтығын қамтамасыз ету мақсатында Комитет жылына бір рет ҚР СІМ КҚД-да шетелдердегі мекемелері ұсынған тізімдік деректерді АЖ мәліметтерімен салыстыру жүргізеді.

Салыстыру нәтижелері актімен ресімделеді, ол 2 данада жасалады және оған ҚР СІМ КҚД және Комитет басшылары қол қояды.

## **2-параграф. Сот әкімшілігімен, ҚР ӘМ және ҚР ПМ растайтын құжаттарды Комитетке есепке алу үшін ұсыну**

19. Сот әкімшілігі, ҚР ӘМ және ҚР ПМ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген тәртіппен алынған Қазақстан Республикасының азаматын қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы айыптау актісінің және/немесе заңды күшіне енген шет мемлекет сотының айыптау үкімінің (қаулысының) көшірмелері келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Комитетке халықаралық деңгейде көшірмелерін жібереді.

## **3-тарау. Есепке алуды пайдалану және сақтау тәртібі**

20. Есепке алуды пайдалану тәртібі № 29 қағидалармен регламенттелген.

21. Қағаз жеткізгіштердегі растайтын құжаттар тегі бойынша есепке алу бөлімшелерінде олар келіп түскен күннен бастап бір жыл ішінде сақталады, кейіннен ведомстволық архивке сақтауға жіберіледі.

Шетелде қылмыстық жауаптылыққа тартылған және/немесе сотталған және жазасын өтеп жатқан адамдар туралы мәліметтер АЖ-да тұрақты сақталады.

Шетелде қылмыстық  
жауаптылыққа тартылған,  
сотталған және жазасын өтеп  
жүрген Қазақстан  
Республикасының азаматтарын  
арнайы есепке алуды жүргізу,  
пайдалану және сақтау  
қағидаларының  
1-қосымша

нысан

**Шетелде қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын өтеп жүрген тұлғаларға берілетін карточка**

--

1.\* Қылмыстық жауаптылыққа тартылған мемлекет \_\_\_\_\_ код \_\_\_\_\_ атауы, кодты көрсетіп

2. ТЕГІ	2.1 АТЫ	2.2 ӘКЕСІНІҢ АТЫ (ол болған кезде)
---------	---------	------------------------------------

3. Жынысы: еркек (1), әйел (2).

4. Туған жылы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19 \_\_\_\_ жыл

5. Туған жері \_\_\_\_\_

6. Ұлты (кодты көрсетіп): \_\_\_\_\_ код \_\_\_\_\_

7. Жеке басты куәландыратын құжат,: № \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жыл

төлқұжат (1), жеке куәлік (2), туу туралы куәлік (3), басқалар (4), босатылуы туралы анықтама (5) \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ берілді

қашан және кім берді

8. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) \_\_\_\_\_

9. Қылмыстық заңнама баптары, қылмыстың сипаты

\_\_\_\_\_ (нормативтік құқытық актінің баптары және оның қылмыстық жауатылыққа тартылған мемлекеттегі атауы)

10. Айыптау тағылған күн 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

11. Соттаған \_\_\_\_\_

(үкім шығарған сот органының толық атауы)

12 Сот шешімі шығарылған күн 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

13.Қылмыстық заңнама баптары \_\_\_\_\_

14. Бас бостандығынан айыру мерзімі \_\_\_\_\_

15. Қосымша жаза \_\_\_\_\_

16. Үкім заңды күшіне енді 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

17. Жазасын өтеу мерзімінің басталған күні 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

18. Босату, ауыстыру туралы мәліметтер \_\_\_\_\_

19. Басқа белгілер \_\_\_\_\_ (растайтын құжаттардың, графикалық көшірмелердің болуы)

20. ҚСЖАЕАК қызметкері \_\_\_\_\_

21. Мәлімет енгізілген күн 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

**Ескерту: 1, 2, 2.1, 2.2, 4, 9-тармақтар міндетті түрде толтыруға жатады.**

Шетелде қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын арнайы есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидаларының 2-қосымша

**Әлем мемлекеттерінің сөздігі**

--	--	--	--	--	--

Австралия одағы	021	Иордания Хашимит Королдігі	285	Панама Республикасы	557
Австрия Республикасы	025	Ирак Республикасы	289	Папуа Тәуелсіз мемлекеті Жаңа Гвинея	561
Әзербайжан Республикасы	029	Ислам Республикасы Иран	293	Парагвай Республикасы	565
Албания Республикасы	033	Ирландия	297	Перу Республикасы	569
Алжир Халықтық Демократия Республикасы	037	Исландия	301	Польша Республикасы	573
Ангола Республикасы	041	Испания Корольдігі	305	Португалия Республикасы	577
Андорра Хандығы	045	Италия Республика	309	Пуэрто-Рико Ынтымақтастығы	581
Антигуа және Барбуда	049	Йемен Республикасы	313	Реюньон	585
Антиль аралдары	053	Кабо-Верде Республикасы	317	Ресей Федерациясы	589
Арнайы әкімшілік аудан Аомынь (Макао)	057	Қазақстан Республикасы	321	Руанда Республикасы	593
Аргентина Республикасы	065	Камбоджа Корольдігі	325	Румыния	597
Армения Республикасы	061	Камерун Республикасы	329	Сент Винсент және Гренадины	629
Ислам Республикасы Ауғаныстан	069	Комор аралдары	369	Сент-Китс және Невис Федерациясы	633
Багам аралдары	073	Канада	333	Эль-Сальвадор Республика	601
Халық Республикасы Бангладеш	077	Катар мемлекеті	337	Сан-Марино Республикасы	605
Барбадос	081	Кения Республикасы	341	Демократиялық Республика Сан-Томе және Принсипи	609
Бахрейн Корольдігі	085	Кипр Республикасы	345	Сауд Аравия Корольдігі	613
Беларусь Республикасы	089	Кирибати Республика	353	Свазиленд Корольдігі	617



Белиз	093	Қытай Халық Республикасы	349	Сейшель аралдары Республикасы	621
Бельгия Корольдігі	097	ҚХДР	361	Сенегал Республикасы	625
Бенин Республикасы	101	Колумбия Республикасы	365	Сент-Люсия	637
Болгария Республикасы	105	Конго Демократиялық Республикасы	373	Сербия Республикасы	641
Боливия көпұлтты мемлекеті	109	Корея Республикасы	377	Сингапур Республикасы	645
Босния және Герцеговина	113	Коста-Рика Республикасы	381	Сирия Араб Республикасы	649
Ботсвана Республикасы	117	Кот-д-Республикасы Ивуар	385	Словения Республикасы	653
Федеративті Бразилия Республикасы	121	Куба Республикасы	389	Соломонов аралдары	661
Бруней-Даруссалам	125	Кувейт Мемлекеті	393	Федеративті Республика Сомали	665
Буркина – Фасо мемлекеттері	129	Қырғыз Республикасы	357	Судан Республикасы	669
Республика Бурунди	133	Лаос Халық-Демократиялық Республикасы	397	Суринам	673
Бутан Корольдігі	137	Латвия Республикасы	401	Америка Құрама Штаттары	657
Вануату Республикасы	141	Лесото Корольдігі	405	Сьерра-Леоне Республикасы	677
Ватикан	145	Республика Либерия	409	Арнайы әкімшілік аудан Гонконг	681
Біріккен Корольдік Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия	149	Ливан Республикасы	413	Тәжікстан Республикасы	685
Венгрия	153	Ливия Мемлекеті	417	Таиланд Корольдігі	689
Боливариан Республикасы Венесуэла	157	Литва Республикасы	421	Тайвань	693

Шығыс Тимор Демократиялық Республикасы	161	Лихтенштейн Князьдігі	425	Бірлескен Танзания Республикасы	697
Вьетнам Социалистік Республикасы	165	Ұлы Герцог Люксембург	429	Тоголез Республикасы	701
Габон Республикасы	169	Маврикий Республикасы	433	Тонга Корольдігі	705
Гаити	173	Ислам Республикасы Мавритания	437	Тринидад және Тобаго Республикасы	709
Кооперативті Республика Гайана	177	Мадагаскар Республикасы	441	Тувалу	713
Республика Гамбия	181	Македония Республика	445	Тунис Республикасы	717
Республика Гана	185	Республика Малави	449	Түркменстан	721
Гваделупа	189	Малайзия	453	Түрік Республикасы	725
Гватемала Республикасы	193	Мали Республикасы	457	Уганда Республикасы	729
Гвиана	197	Мальдив Республикасы	461	Өзбекстан Республикасы	733
Гвиней Республикасы	201	Мальта Республикасы	465	Украина	737
Республика Гвинея - Бисау	205	Марокко Корольдігі	469	Уругвай Шығыс Республикасы	741
Федеративті Германия Республикасы	209	Мартиника	473	Фиджи Республикасы	745
Гибралтар	213	Мексика Бірлескен Штаты	477	Филиппин Республикасы	749
Гондурас Республикасы	217	Мозамбик Республикасы	481	Финляндия Республикасы	753
Гренада	221	Молдова Республикасы	485	Француз Республикасы	757
Грек Республикасы	225	Монако Князьдігі	489	Хорватия Республикасы	761
Грузия	229	Монғолия	493	Орталық Африка Республикасы	765
Дания Корольдігі	233	Одақ Республикасы Мьянма	497	Чад Республикасы	769
Джибути Республикасы	237	Намибия Республикасы	501	Черногория	773

Доминики Бірлестігі	241	Науру Республикасы	505	Чили Республикасы	781
Доминикан Республикасы	245	Федеративті Демократиялық Непал Республикасы	509	Чехия Республикасы	777
Басқалар	829	Нигер Республикасы	513	Швейцар Конфедерациясы	785
Араб Республикасы Египет	249	Федеративті Нигерия Республикасы	517	Швеция Корольдігі	789
Зайр Республикасы	253	Нидерланды Корольдігі	521	Демократиялық Социалистік Республика Шри-Ланка	793
Замбия Республикасы	257	Никарагуа Республикасы	525	Эквадор Республикасы	797
Батыс Сахара	261	Жаңа Зеландия	529	Экваториальды Гвинея Республикасы	801
Тәуелсіз Мемлекет Самоа	265	Норвегия Корольдігі	537	Эстон Республикасы	805
Зимбабве Республикасы	269	БАЭ	541	Федеративті Эфиопия Демократиялық Республикасы	809
Израиль Мемлекеті	273	Сұлтанат Оман	545	Оңтүстік-Африка Республикасы	817
Индия Республикасы	277	Ислам Республикасы Пакистан	549	Ямайка	821
Индонезия Республикасы	281	Палестина	553	Япония	825

Шетелде қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотталған және жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын арнайы есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидаларының 3-қосымша

## Ұлттар сөздігі

Авар	43		Лезгин	40
Азербайджан	23		Литва	18
Ауған	45		Ливан	60

Ангол	58		Мари	13
Араб	54		Молдаван	24
Армян	15		Монғол	57
Ассири	38		Мордвин	14
Балкар	34		Неміс	08
Башкир	35		Перуан	50
Белорус	09		Поляк	22
Белудж	49		Пуштун	48
Бербер	47		Осетин	20
Болгар	12		Орыс	01
Вьетнам	51		Серб	56
Гвиней	59		Сирия	53
Грек	37		Тәжік	10
Грузин	16		Татар	05
Дұнған	36		Түркмен	28
Еврей	03		Түрік	33
Ингуш	39		Өзбек	26
Үндіс	46		Ұйғыр	29
Қазақ	02		Украин	06
Қалмақ	41		Финн	21
Қарақалпақ	44		Француз	55
Қырғыз	27		Цыган	04
Қытай	30		Чечен	42
Корей	31		Чуваш	07
Кубин	52		Эстон	19
Курд	32		Басқа ұлттар	25
Латыш	17			